**Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы ақпаратының нысанын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 193 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 5 наурызда № 10393 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 21 шілдедегі № 548 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 21.07.2015 № 548 бұйрығымен.

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 7-5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы ақпаратының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті (С.М. Жұманғарин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйесінде және мерзімдік баспасөз басылымдарында ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика бірінші вице-министрі М.Ә. Құсайыновқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр Е. Досаев*

*«КЕЛІСІЛДІ»*
*Қазақстан Республикасының*
*Ауыл шаруашылығы министрі*
*_______________А. Мамытбеков*

*2014 жылғы 19 қаңтар*

*«КЕЛІСІЛДІ»*
*Қазақстан Республикасының*
*Инвестициялар және даму министрі*
*_______________Ә. Исекешев*

*2014 жылғы 15 қаңтар*

*«КЕЛІСІЛДІ»*
*Қазақстан Республикасының*
*Энергетика министрі*
*_______________В. Школьник*

*2014 жылғы 30 қаңтар*

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 193
бұйрығымен бекітілген
Нысан

## ___ жылға арналған табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы туралы ақпараты *

## ___________________________________________________________________ табиғи монополия субъектісінің атауы, қызмет түрі, бағдарламаны (жобаны) кім бекітті (бұйрықтың күні, нөмірі)

| № р/с | Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат | | | | | | Пайдалар мен шығындар туралы есеп** | Инвестициялық бағдарлама жобаның) сомасы | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) атауы және қызмет көрсетілетін аумақ | Іс-шара атауы | Өлшем бірлігі | Заттай көрсеткіштегі саны | | Инвестициялық бағдарлама (жоба) шеңберінде қызмет ұсыну кезеңі | | Жоспар | Факт | ауытқу | ауытк себеп |
| | | | | жоспар | факт | | | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| | | | | | | | | | | | |
| | * - осы ақпарат табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты іске асырушы уәк органның интернет-ресурсында орналастырыл<br>** - пайдалар мен шығындар туралы есеп «Жария мүдделі ұйымдардың (қаржылық ұйымдарынан басқа) жари | | | | | | | | | | |

| | |
|---|---|
| | үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қа министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығының 3-қосымшасына сәйкес ұсыны<br>*** - инвестициялық бағдарламаны іске асыру жөніндегі растаушы құжаттарды қоса бере отырып (т шарттардың, келісімшарттардың көшірмелері, орындалған жұмыстарды қабылдау туралы актілер, орында жұмыстардың және шығыстардың құны туралы анықтама, шот-фактуралар, мемлекеттік қабыл комиссияларының пайдалануға қабылдау актілері, ішкі жүкқұжаттар, реттелетін нарық субъектілерінің пайдал енгізу және балансқа алу туралы ішкі бұйрықтары). |

кестенің жалғасы

| Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшерлері туралы ақпарат (мың теңге) | | | | Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындаудың на көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада (жобада) бекіт көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат*** | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| өз қаражаттары | | Қарыз қаражаттары | Бюджеттік қаражаттар | өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, % бекітілген инвестициялық бағдарламаға ( жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша | | негізгі қорлардың (активтердің) тозуын төмендету, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға ( жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша | | ысыраптарды төмендету, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға ( жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша | | авариялы жағдайды төмендету, бекітілген инвестициял бағдарлама жобаға) байланысты асыру жыл бойынша | |
| Амортизация | Пайда | | | өткен жылдың фактісі | ағымдағы жылдың фактісі | өткен жылдың фактісі | ағымдағы жылдың фактісі | жоспар | факт | өткен жылдың фактісі | ағ жы фа |
| 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК